



Мамандыққа бағдар мектептен басталады



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы 100 мың жасты жұмысқа орналастыру қажет екенін айтқан.

Биыл жастардың кәсіпкерлік бастамасына қолдау көрсету жалғасуда. «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында аймақта алғаш рет табысты кәсіпкерлердің қатысуымен өткен ауқымды жастар форумы жас буынға шабыт пен мотивация сыйлады. Бүгінде мектеп оқушылары үшін облыста профильдік алдын ала даярлау жобасы аясында 205 профильдік сынып ашылды. Аграрлық, техникалық, сервистік және медиа бағыттарын қамтитын 50-ден астам жаңа бейіндік сыныптарының өзіндік ерекшелігі мол.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, ашылған 94 «Медициналық сынып» бүгінде балаларды мамандыққа бағдарлауға бағытталуда. Қарағанды қаласындағы – 25, Теміртаудағы – 4, Балқаштағы – 8, Шахтинсктегі – 4, Сарандағы – 2 сынып оқушыларға ерекше шабыт сыйлауда. Ал, аудандарда ашылған 50 сынып оқушыларға дәрігерліктің кыр-сырын үйретуде. Сондай-ақ, 68 «Педагогикалық сынып» мектеп оқушыларына гуманитарлық пәндерді тереңірек меңгертуде. Бұл орайда құқықтық бағыттағы 5 «Жас сақшы» мектебі мен «Экологиялық сынып» және «Агро сынып», «IT-сыныптардың» бар екенін тілге тиек еткен жөн.

Мәселен, былтыр Теміртау қаласының №17 орта мектебінде

«Жас сақшы» сыныбы ашылды. Құқық қорғау органдарының қызметіне қызығушылық танытатын оқушылар ант қабылдады.

– «Жас сақшы» балаларда патриотизм сезімін, заңға құрметпен қарауды және өз елін, қоғамын қорғауға дайын болуды қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылар мектеп кезінен адалдық, құрмет және заңға беріктікті санаға сіңірсе, халықтың мүдделерін қорғап, қылмысқа қарсы күресуге және барша үшін қауіпсіз қоғам құруға үйренеді, – дейді мектеп директоры Сәуле Тактаева.

Оған қоса биыл оқушылар үшін «Жұмысшы мамандықтарының жылында» жазғы демалыста жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру көзделген.

– Биыл 137 439 баланы жұмыспен қамту жоспарланған. Оның ішінде әлеуметтік осал топтардан 16 мың бала бар. Жаздың алғашқы

айында бұл жұмыстар белсенді жүзеге асырылуда. Жұмыспен 14-18 жастағы 56 434 оқушыны қамту жоспарлануда. Бұл орайда жасылдандыру бригадалары, мектеп орманшылықтары, мектеп жанындағы лагерьлерде жөндеу-құрылыс бригадалары, кәсіпорындарда, кафе-фелерде, мейрамханаларда жұмыс, «Жасыл ел» бағдарламасы, отбасылық кәсіп бар, – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Жазғы кезеңде мыңға жуық жасөспірім түрлі кәсіпорындарда жұмысқа орналасқан. Қазіргі таңда 4 990 оқушы «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша жұмыс істеуге белсене кірісті.

– Облыста «Жасыл ел» жобасы аясында жастарды маусымдық жұмысқа орналастыру жобасы бірінші жыл емес. Мұндай бағдарлама – барлық әлеуметтік аударымдармен 14 жастан бастап, жұмысқа

орналастыруға мүмкіндік беретін бірегей және жалғыз құрал. Өткен жылмен салыстырғанда орындар саны 4 820-дан жоспарланған 4 990-ға дейін өсті. Соңғы жылдары сарбаздардың жалақысы да өсті. Олар 14-15 жастағы қатысушылар үшін 85 мың және 16 және одан жоғары жастағы адамдар үшін 105 мың теңгені құрайды. Сондай-ақ, осы жоба шеңберінде және кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру мақсатында пилоттық режимде – теміржол, техникалық, ауыл шаруашылығы арнайы жасақтарын енгізу жоспарлануда. Оларға мектеп бітіруші сынып оқушылары мен колледж студенттері кіреді, – деп атап өтті облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Айсүлу Ерниязова.

Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, биыл сондай-ақ, 14 мыңнан астам бала туристік жү-

мыспен қамтылады. Оның ішінде жорықтар, экскурсиялар, таныстыру және туристік сапарлар бар.

–46 мыңнан астам бала шығармашылық жұмыспен айналысады. Барлық 45 мемлекеттік қосымша білім беру ұйымдары және мемлекеттік тапсырысты алған 28 жеке ұйым бекітілген кестеге сәйкес жазғы кезеңде жұмыс істейтін болады, – дейді Гүлбақыт Серікжанқызы.

«Жұмысшы мамандықтарының жылында» оқушылар үшін интеллектуалды жұмыспен қамту, оның ішінде, актив мектебі, тілдік мектептер, дебат мектептері жұмыс істейді. Облыстағы барлық мамандандырылған мектептер мен инновациялық лицейлерде жазғы тіл мектептері мен тілдік курстар, бейінді лагерьлер өтуде.

Айта кеткен жөн, кәсіптік бағдар беруді одан әрі дамытуда Қарағандыда студенттер мен түлектер, оқушыларға өздерінің қабілеттері мен мүдделерін ескеретін бағдар беруші де іске қосылған. Кәсіп пен оқу орнын саналы түрде таңдауға көмектесетін AI-кәсіптік бағдар берушімен «Кәсіпқой әлем» кәсіптік бағдар беру кабинеті де ашылды.

Кабинетке жаңа кәсіптер атласы, мансаптық өсу және жалақы туралы ақпарат, сондай-ақ жасанды интеллект ұсыныстары бар тесттер кіреді. Өңірде Profiway платформасы – жастарды жеке ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіпті саналы түрде таңдауға дайындау үшін кешенді кәсіптік бағдарлау құралы да әзірленді.

Ал, Skills платформасы «Enbek» мектеп оқушыларына жаңа дағдыларды игеруге немесе бұрыннан бар дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік беретін әртүрлі салаларда тегін және ақылы курстардың кең таңдауын ұсынады. Бүгінгі таңда платформада 1 294 курс бар, оның 322-сі – тегін.

Policia.kz сайтынан

• РЕСМИ

Кәсіби дағдыға үйретеді

«Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында техникалық және кәсіптік білім алушылардың кәсіби дағдыларын танудың жаңа құралы енгізілуде. Осы мақсатта Қазақстан колледждерінде алғаш рет студенттерді халықаралық сертификаттау басталды.

Халықаралық сертификаттау жүйесі Certiport платформасы негізінде іске қосылып, қазіргі таңда пилоттық режимде еліміздің бес колледжінде қолжетімді. Қазақстандағы алғашқы ресми тестілеу орталығы (CATC) «Talar» KEAҚ базасында ашылды.

Certiport – бұл цифрлық технологиялар мен кеңсе бағдарламалары саласында кәсіби сертификаттауға бағытталған халықаралық платформа. Ол білім беру саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі – ұлыбританиялық Pearson компаниясының құрамына кіреді.

Бұл қазақстандық колледж студенттерінің өз дағдыларын халықаралық стандарттар бойынша делдеп, шетелдік жұмыс берушілер тарапынан танылуына, шетелде тағылымдамалардан өтіп, жұмыс табуға артықшылыққа ие болуына және жаһандық еңбек нарығына шығуына мүмкіндік береді.

– Қазіргі таңда колледж түлектері тек диплом көрсетуімен шектелмей, нақты дағдыларын растауы қажет. Халықаралық сертификаттау оларға Қазақстанда да, шетелде де жаңа мансаптық мүмкіндіктер ашады, – деді ҚР Оқу-ағарту министрінің техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің директоры Әсет Мұханбетов.

Өз тілшімізден

• БҮГІН – СУДЬЯ ЖӘНЕ СОТ ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ

Туралықтың туы жығылмайды

Қазіргі таңда сот саласында ауқымды реформалар жүзеге асуда. Бұл реформалар сот жүйесінің ашықтығын, әділдігін және қолжетімділігін арттыруды мақсат етеді. Атап айтқанда, цифрландыру процестері қарқынды жүргізіліп, сот процесінің онлайн форматқа көшуі, судьялардың кәсіби дайындығын жетілдіру және азаматтардың сотқа жүгіну құқығын жеңілдету секілді шаралар қолға алынуда. Бұл өзгерістер сот төрелігінің сапасын арттырып, халықтың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Конституциясы еліміздің әр азаматының құқығы мен заңды мүддесінің, бостандығының оңтайлы және әділ қорғалуына кепілдік етеді. Әкімшілік әділет институты аясында 2021 жылы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ӘРПК) қабылданып, ауданаралық мамандандырылған әкімшілік соттар жұмысқа кірісті. Жария-құқықтық дауларда талапкер әлсіз тарап саналып, дәлелдеу ауырталығы жауапкерге жүктеледі. Осы кодекспен жауапкерлер болып мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ, әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет пен әрекетсіздікті жасау бойынша өкілеттіктер берілген ұйымдар бекітілген.

Әкімшілік әділет институты халық үніне құлақ асатын мемлекет құруға ықпал етеді. Әкім-

шілік әділет институты енгелі сот істерінің басым көпшілігі азаматтар мен бизнес өкілдерінің пайдасына шешіледі. Шын мәнінде бұлар халықтың сотқа деген сенімін одан әрі нығайтып, еліміздің инвестициялық ахуалын жақсартып, сол арқылы экономикамыздың өркендеуіне жол ашады.

Әкімшілік соттар жұмыс істегелі мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жауапкершілігі артқанын ресми мәліметтер жокқа шығармайды. Жалпы алғанда әкімшілік процесс мемлекеттік органға дәлелдеу ауырталығын жүктеу, азаматтардың құқықтарына қосымша процедуралық кепілдіктер жасау, соттың немесе істі қарайтын басқа әкімшілік әділет органының белсенді рөлі, заңмен көзделген.

Біз Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен бекітілген ме-



Сурет ашық дереккөзінен

диация, татуластыру рәсімдеріне де тоқталуды жөн санап отырмыз. Өйткені, дау-дамайдың сот-

сыз, өзара келісіммен аяқталуы, құқықтық мәдениетті қалыптастырады. Өрі бітістіреп жан бол-

са, бітпейтін дау жоқтығына дәлел болады. Бітімгершілік – билер институтының дау шешудегі ең озық тәсілі. Сондықтан, негізі Қазақстан Республикасы «Медиация туралы» Заңымен қаланған татуластыру рәсімдерінің жан-жақты әрі толық деңгейде қолданылуына мемлекет тарапынан айрықша көңіл бөлінуде. Жария-құқықтық дауларда татуласу шараларына жауапкердің әкімшілік қалауының негізінде жол беріледі. Әкімшілік қалау ӘРПК мен нақтыланғандай, әкімшілік органның, лауазымды адамның ел заңнамасында белгіленген мақсаттар мен шектердің заңдылығын бағалау негізінде ықтимал шешімдердің бірін қабылдау өкілеттігі болып табылады.

Даулы мәселелерді келіссөздер арқылы шешуде еріктілік, ынтымақтастық, тең құқықтылық және құпиялылық қағидадары қатаң сақталады. Тараптар өздерін қанағаттандыратын нәтижеге сот шығынының, қысқа уақытта қол жеткізеді. Татуластыру рәсімдерінің басты артықшылығы да осында. Әкімшілік істерде сот тараптарды татуластыру үшін қажетті шараларды қабылдап, процестің барлық кезеңінде дауды реттеуге көмектеседі. Татуласу, медиация, сондай-ақ, партисипа-

тивтік рәсімдерде жазбаша келісім жасалып, оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды. Бұл мәселеде келісімде көрсетілген шарттардың заң талаптарына қайшы болмауы мен өзге адамдардың құқықтарына, бостандықтарына, заңды мүдделеріне нұқсан келтірмеуін ескерген жөн. Ондай жағдайда келісімді сот бекітпейді.

Халқымыздың «Әрекетте – берекет бар» немесе «Ерегіскен ел болмайды» деуі бекер емес. Сондықтан, еліміздің болашағын, татулығы мен бірлігін ойлаған әрбір адам кез келген кикілжіңге түсіністікпен қарап, оны өзара келісіммен бітірудің жолдарын қарастырса, нұр үстіне нұр болар еді. Нәтиже шықпағанның өзінде тараптар ештеңеден ұтылмайды, әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормалары жария-құқықтық дауларды мүмкіндігінше сотқа дейінгі сатыларда реттеуге бағытталған.

Сәуле ЖАЛЫРОВА,
Қарағанды
облыстық сотының
әкімшілік істер жөніндегі
сот алқасының судьясы

Инвестиция мен индустрия тоғысады

Жуырда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектенов Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келіп, өндіріс орындарын аралап, монокалаларды дамыту бағытында жиын өткізген еді. Көп ұзамай Үкімет басшысының тапсырмасымен облыс аумағында өндіріс өсімінің жаңа нүктелерін қалыптастыру жұмысы басталып та кетті. Осы орайда облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Балқаш қаласына жұмыс сапары барысында аталған мәселе бойынша кеңес өткізді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Индустриялық аймақ құрылады

Атап айтсақ, жоспарланған жұмыстардың алғашқы қадамы ретінде «Қазақмыстың» өнеркәсіптік нысандарының бос алаңдарында шағын өнеркәсіптік аймақ құру көзделген. Болашақта ол алып индустриялық аймаққа айналуы тиіс. Жоба монокаланың экономикасын әртараптандыруға, шикізаттық емес секторды дамытуға, жаңа өндірістер ашу үшін инвесторлар тартуға және қосымша жұмыс орындарын қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев қазіргі таңда жұмыс қаланың бас өнеркәсіптік алыбы – «Қазақмыс» корпорациясымен бірлесіп жүргізіліп жатқанын айтты.

Дерекке сүйенсек, 2024 жылдың қорытындысы бойынша Балқаш қаласының өнеркәсіп саласында тұрақты өсім байқалып отыр. Бұл көрсеткіштер өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға және белгіленген мақсатты индикаторларға қол жеткізуге оң әсерін тигізуде.

Жыл басынан бері өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 461,3 млрд теңгені құраған. Физикалық көлем индексі (ФКИ) 107% деңгейінде тіркелді.

Инвестиция да өсіп келеді. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 23,6 млрд теңгеге жеткен. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай жоғары.

Премьер-Министрдің тапсырмасы аясында құрылатын индустриялық аймақ Шіліауыз елдімекені аумағында орналасады. Қала шекарасында жатқан 200 гектар жер республикалық маңыздағы «Алматы-Екатеринбург» тасжолымен қосылған.

лына және теміржол желісіне тікелей шығуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, аумақты инженерлік инфрақұрылымға қосу көзделген.

Әзірге топографиялық түсірілімдер аяқталып, 2,5 метрлік құмды төсем дайындалған. 1,5 шақырымдық теміржол желісі бар, бас жоспар бекітілген.

Жоспар негізінде қосылатын инфрақұрылым жөнінде де нақты деректер бар. Мәселен, электр желісі – 100 МВт дейін, тәулігіне ауыз су – 500 м³, техникалық су – 375 м³, кәріз жүйесі – 200 м³/ құрап отыр.

Индустриялық аймақ «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС өндірістік алаңымен шектеседі. Компания бос тұрған өндірістік цехтарын шағын өнеркәсіп аймағы ретінде ұсынуға дайын екенін растады. Бұл Ready Built Factory – шағын және орта бизнеске арналған тез салынатын өндірістік модульдерді орналастыруға мүмкіндік береді.

Басым бағыттары метал өңдеу және техникалық қызмет көрсету, құрылыс және қайтама материалдарын өндіру, логистика мен қоймалық кешендер, инженерлік және энергетикалық қызметтер. Бұл салалар жергілікті деңгейде өндірісті орналастыру мен кооперация үшін ауқымды әлеуетке ие.

Бүгінде қаланың өнеркәсіп кәсіпорындарымен белсенді жұмыс жүргізілуде. Өндірістік және логистикалық тізбектер зерттеліп, қажеттіліктер жиналып, негізгі жобалар пулы қалыптастырылуда.

– Жобаға салынатын инвестиция көлемі – 170 млрд теңгеге дейін, құрылатын жү-



мыс орындары – 5 500, 2031 жылға дейін барлық деңгейдегі бюджетке түсетін салық түсімі 19,6 млрд теңге деп болжануда. Айта кетерлігі, индустриялық аймақтың іске қосылуы білім беру, құрылыс, логистика және тұрмыстық қызмет көрсету салаларына да мультипликативтік әсер береді. Инфрақұрылымдық жұмыстарды бастау 2025 жылдың IV тоқсанына жоспарланып отыр. Резидент кәсіпорындар 2026 жылдан бастап жұмыс істей бастайды. Жоба ТЭН әзірлеуден бастап, инвестор тарту мен өндірісті іске қосуға дейін төрт кезеңмен жүзеге асады. Сонымен қатар, қысқа мерзімде ескі өндірістік аймақтың орнына жаңа өнеркәсіп кластері құрылған Саран қаласындағы индустриялық аймақтың табысты тәжірибесі егжей-тегжейлі зерттелді. Осындай нәтижеге қол жеткізу үшін алаң, ресурстар, кадрлар және мемлекеттік қолдау сынды алғышарттар бар, – деп атап өтті Сапар Сатаев.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жедел іс-қимылдың маңыздылығын айрықша атап өтті.

– Өсімнің жаңа нүктелері – Балқаштың орнықты дамуы үшін стратегиялық міндет. Қазірдің өзін-

де инженерлік коммуникациялар жүргізуге кірісуді және бизнеспен жұмысты қарқындытауды тапсырамын. Әлеуетті инвесторларды тартып, оларға нақты учаскелер мен шарттарды ұсыну қажет, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

Өз кезегінде қала әкімі Балқаш қаласы аумағында жаңа өнеркәсіптік өндірістерді дамыту мақсатында әкімдік тарапынан жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті.

– Кәсіпорындарды орналастыру үшін жер учаскелерін беру мәселелері қарастырылуда. Қажеттілік туындаған жағдайда инженерлік инфрақұрылым электрмен жабдықтау, сумен қамтамасыз ету, кіреберіс жолдар және басқа да коммуникациялар тарту жұмыстары жүргізілмек. Сондай-ақ, инвесторларды тарту және өндірістерді іске қосу мен дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілуде, – деді Сапар Сатаев.

Әуежай әрленеді

Облыс әкімі жұмыс сапары барысында Балқаш әуежайының қайта жөндеу барысын да тексерді. Мұн-

да жұмыс қызу жүріп жатыр. Қазір жұмыстың бірінші кезеңі аяқталған. Аэровокзалды күрделі жөндеу және арнайы көлік қызметіне арналған жаңа ғимараттың құрылысы жалғасып жатыр. Алдағы уақытта аэровокзал кешені, ұшып келу және ұшу залдары кеңейтіледі. Бұл ретте ғимараттың тарихи келбеті толығымен сақталатынын атап өткен жөн.

Барлық жұмыстарды жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған. Басты мақсат – туризмді дамыту. Жаңғыртудан кейін әуежайдың өткізу қабілеті 30%-ға артып, ұшу географиясы кеңеймек.

Ермағанбет Бөлекпаев әуе аялағының айналасын абаттандыруға ерекше көңіл бөлуді мұқият тапсырды. Сонымен бірге, облыс әкімі сондай-ақ, катодты мыс өндіретін «Сары Қазына» ЖШС зауытына да ат басын тіреді. Компания қала мен «Қоңырат» шағын ауданындағы әлеуметтік жобаларды белсенді қолдайды.

«Қазақмыстың» қолдауы

«Қазақмыс» корпорациясы облыстың әлеуметтік саласын дамы-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

туға қомақты қолдау көрсетеді. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС басқарма төрағасы Нұрахмет Нұриевпен кездесуінің қорытындысы бойынша жалпы сомасы 20 млрд теңге болатын келісімге қол қойылды. Қаражат Балқаш пен Қарқаралыдағы төрт ірі әлеуметтік маңызды жобаға бағытталды.

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС орнықты даму және коммуникациялар жөніндегі басқарушы директоры Сәкен Шаяхметовтің мәлімдеуінше, Балқашта дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен балабақша салынады. Одан бөлек, М.Хамзин атындағы Мәдениет сарайын қайта жаңғырту көзделсе, Қарқаралыда Балалар мен жасөспірімдер сарайының құрылысы жоспарланған.

«Қазақмыс» пен облыс әкімдігі осы жобаларды жүзеге асыру бойынша жол картасына қол қойды. Ол жаңа әлеуметтік нысандарға жер телімдерін таңдаудан бастап, пайдалануға беруге дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды.

Кездесу барысында Ермағанбет Бөлекпаев нақты міндеттер қойды. Талап бойынша дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде бассейні, үстел теннисіне арналған залы қарастырылуы керек және мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді болуы тиіс.

Облыс әкімі М.Хамзин атындағы Мәдениет сарайын қайта жөндеу жобасын дайындап, оны қала жұртшылығымен талқылауды тапсырды. Бұл ретте нысанның тарихи келбетін сақтау аса маңызды.

Сондай-ақ, білім беру инфрақұрылымын жақсарту үшін Балқашта жаңа мектептің жанында балабақша салуды жоспарлау керек. Келісім аясындағы барлық жобалар 2027 жылдың соңына дейін аяқталатынын атап өткен жөн.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• ӨЗЕКТІ

Бала өмірі – зор жауапкершілік

Жаз басталғалы бері балалардың терезеден құлау фактісі жиілеп кетті. Жыл басынан бері облыс көлемінде 15 бала терезеден құлаған. Оның екеуі қайтыс болды. Өзекті мәселе хақында барлық құзырлы органдардың мамандары бірлесіп жұмыс жүргізуде. Алайда, басты себеп – баланың ата-ана қадағалауынсыз қалуында. Осы ретте ата-аналармен де түсіндіру жұмыстары өтіп жатыр. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг осы мәселе төңірегінде өрбиді.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық полиция департаментінің мамандары өткен аптада «Қауіпсіз жаз» акциясын ұйымдастырып, халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын өткізді.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Думан Далешов балалардың терезеден құлау фактілерінің алдын алу үшін жан-жақты насихат жүргізіліп жатқанын айтты.

– Халық арасында түсіндіру жұмыстары үздіксіз. Бұл ең алдымен, өз балаларының қауіпсіздігі екенін айтамыз. Тұрғындар тарапынан түсіністік бар. Кинотеатрлармен келісім жасалды, әр сеанс басталарда көрерменге арнайы түсірілген әлеуметтік бейнежазба көрсетіледі. Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға қорғаныш құралы орнатылуда. Бүгінгі таңда 187 осындай құрал орнатылды. Сонымен қатар, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы алаңында құрылыс фирмаларымен осындай қорғаныш құралын құрылыс кезінде орнату туралы келісімге келді, – деді Думан Қайратұлы.

Ол ПИИК өкілдері де бұл мәселеде атсалысатынын атап өтті. Көпқабатты үйлерді тексеруде, оларды анықталған бұзушылықтарды жоюда бірлесіп жұмыс атқарады. Мәселен, биыл 3 көпқабатты үй тексеріліп, 50-ге жуық бұзушылық анықталған.

Мамандардың айтуынша, қорғаныш құралының болмауы қандай да бір айыппұл немесе жауапкершілікке тартуға себеп емес. Алайда, баланы қараусыз қалдыру Өкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 127 бабына сәйкес он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

– Мұндай жағдайларда қылмыстық іс қозғалғанымен, ол көп жағдайда тоқтатылады. Бірақ, әкімшілік құқықбұзушылық ретінде жауапкершілік бар. Полиция департаментінің қызметкерлері сәуір-мамыр



Сурет ашық дереккөзден

айларынан бастап, тұрғындар арасында балалар қауіпсіздігі туралы насихат жұмысын үдетті. Ата-аналармен онлайн да, офлайн де жиындар өтті, – деді полиция департаментінің қызметкері Елена Баркина.

Білім беру жүйелерінде де балалардың қауіпсіздігі мәселесі үнемі назарда. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында да көрсетілген.

– Білім саласында көптеген шаралар жүргізілуде, – деді облыстық білім басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Алма Қаңтарбаева. – Қазір бұл бағдарлама «Адал азамат» болып өзгертілді. Соның аясында қауіпсіздік туралы жинақтар шығып, балалармен сабақтар өткізіледі. Барлығы 130 сабақ әзірленіп, таратылды. Мұндағы басты міндет – тұрмыста немесе қоғамдық

орындарда қауіпсіздікті сақтауға, қауіп жағдайында дұрыс әрекет етуге үйрету. Мектеп жанындағы және қала сыртындағы лагерлерде де қауіпсіздік сабақтары үнемі ұйымдастырылып отырады.

Терезеден құлаған балалар Х.Мақанов атындағы көпбейінді ауруханаға немесе облыстық клиникалық балалар ауруханасына жеткізіледі. Осы мәселеге дәрігерлер де үн қосады. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының өкілі Аслан Теміровтің айтуынша, травматолог, педиатр мамандар кеңес береді. Барлық медициналық мекемелерде қауіпсіздік шаралары туралы жадынама, буклеттер таратылады.

Қауіпсіздік шаралары – бәріне ортақ мәселе. Сөз балалар қауіпсіздігіне қатысты болса, жауапкершілік еселене түседі.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Жайлы пойыз жолға шықты

Астанаға жиі жол жүретіндер үшін жағымды жаңалық. «Қарағанды-Астана» бағыты бойынша Comfort+ форматындағы жаңа электр пойызы жүре бастады. Вагондары қазіргі заманғы еуропалық стандарттарға сәйкес жабдықталған.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нақтырақ айтсақ, вагон салоны жақсартылған дизайнымен һәм жолаушыларға арналған бірқатар жайлылықпен ерекшеленеді. Мұнда әсіресе, қолжетімділік пен инклюзивтілікке баса назар аударылған.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, электр пойызы алты вагоннан тұрады және 576 орынға ыңғайланған.

Бір айта кетерлігі, мүмкіндігі шектеулі жолаушыларға ыңғайлы болуы үшін

автоматты жылжымалы баспалдақтар да қарастырылыпты.

Вагондардың интерьері – заманауи. Әр орында мобильді құрылғыларды зарядтауға арналған USB ажыратқышы бар. Вагондарда сусындар мен жеңіл тағамдар сатып алуға арналған вендингік автомат та орнатылған.

Әр вагонда мүмкіндігі шектеулі жолаушыларға арналған арнайы кабиналарды қоса есептегенде, биодәретханалар да болатынын атап өткен жөн.

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Жағажай жаңарады

Кәсіпкерлер Шерубай-Нұра су қоймасының жағалауындағы жаңа жобаларға инвестиция салып жатыр. Маусымдық демалыс аймағынан бастап жыл бойғы жұмыс істейтін демалыс кешендеріне дейін жаңарады.



Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы Шерубай-Нұра су қоймасының жағалауындағы Топар кентіне Қарағандыдан және серіктес қалалардан, көрші аудандардан демалуға келеді. Бүгінде мұнда қонақ үй, бассейн, балалар алаңы және түрлі ойын-сауықтары бар 30-дан астам демалыс аймағы бар. Жазда мұнда катамаран, су мотоцикл, батуттар, ал, қыста – қар көлігі, балық аулау, монша қызметі жұмыс істейді. Демалыс күнінің мұндай форматы барған сайын сұранысқа ие.

– Топарға келушілер күн санап өсіп келеді. Өткен жаздың өзінде демалушылар саны 30 мыңнан асты. Сұраныстың

артуына байланысты туристік инфрақұрылымға инвестициялар құйылуда, – дейді Абай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Дариян Мырзахметова.

Коттедж, қонақ үй, мейрамхана және монша кешені бар жаңа демалыс аймағын салу бойынша ауқымды жобасы іске асырылуда. Тағы екі заманауи аймақтың жобасы әзірленіп, қолданыстағы нысандар кеңейтілуде.

Бұл жерге туристердің жайлы жетуіне, жазда және қыста демалуы үшін қолайлы жағдай жасалуда.

• «BALKHASH TOUR FEST-2025»

Туризмге жол ашады

Балқаштың туристік әлеуетін паш етіп, қазақстандық және шетелдік меймандарды осы өңірдің табиғи сұлулығымен, тарихи бай мұрасымен таныстырған фестивальдің берері көп болды. «Balkhash Tour Fest» фестивалінің бағдарламасы әртүрлі бағыттарды қамтыды. Су спорты, ұлттық дәстүр, волонтерлік жоба, экологиялық акция, мәдени қойылымдар және кәсіпкерлік бастамалармен ерекшеленді.



Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Экологиялық сана мен еріктілер қозғалысы

Фестиваль «Таза Қазақстан» ұлттық жобасы аясындағы түрлі экологиялық бастамалармен ерекшеленді. Қарағанды облысы жастар ресурстық орталығының бастамасымен 60 ерікті Балқаш өңірінде «ROAD-эстафета» өткізді. Олар «Қарағанды-Алматы» автожолының бойын тұрмыстық қалдықтан тазартып, ескерту тақтайшаларын орнатты. Сонымен қатар, жастар Бектауата жартасында қалдырылған жазуларды өшіріп, табиғи-мәдени мұраға құрмет көрсетудің үлгісін танытты. Фестиваль аясында ұйымдастырылған «Екінші өмір» жобасы ерекше назар аударды. Арнайы орнатылған алып балық-инсталляцияның ішіне қатысушылар пластик бөтелкелер тастап, коқысты сұрыптауға қатысты. Бұл бастама экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталды және облыс әкімдігінің қолдауымен өтті.

Балқашқа жаңа серпін

Іс-шара Қазақстанның ішкі туризмін дамыту, табиғи байлықтарды дәріптеу және жастарды туған өлкеге баулуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі ретінде танылды. Еліміздің түпкір-түпкірінен келген туристер, қала тұрғындары мен қонақтар «Balkhash Tour Fest-2025» фестивалі туралы ризашылығын жеткізіп, пікірлерін білдірді. Фестиваль барысында Балқаш қаласына алғаш рет келген Парламент Мәжілісінің депутаты Дәулет Мұқаев мұндай бастамалардың еліміздің өңірлерін танымал

сы Серік Сәпиев те айтып өтті. «Balkhash Tour Fest-2025» – бұл жай ғана фестиваль емес, еліміздің жарқын келешегі үшін жасалған нақты қадам екендігін жеткізді.

Жас кәсіпкер – жарқын жетістік

Фестивальде жас кәсіпкерлер де өз жобаларын таныстырды. Солардың бірі – 13 жастағы Илья Өте

се, экологиялық кросс-жарыстар (экокросстар) табиғатты қорғау мен саламатты өмір салтын насихаттаудың жарқын үлгісі болды. Зумба мен йога жаттығуларына қатысушылардың да қарасы көп болды. Сонымен қоса, балалар үшін ұйымдастырылған шеберлік сабақтары бүлдіршіндердің шығармашылығын дамытуға бағытталды. Олар құмнан сарай тұрғызып,



генов, табиғи ағаштан кәдесыйлар жасап, жеке кәсібін ашқан. Оның өнімдері – магниттер, сағаттар, телефон қойғыштар – Балқаштың туристік символикасымен ерекшеленеді. Ильяның айтуынша, бизнеске анасы үлкен қолдау көрсетуде, ал, болашақта шетелге шығуды мақсат етіп отыр. Жобасы

арт-терапия арқылы өзін еркін білдірсе, батпырауық ұшыру сайысы аспандағы түрлі-түсті бейнелермен Балқаштың көгін көркемдеді. Қонақтар Бектауатаға да барып, атқа міну, сиыр сауу, садақ ату сияқты қазақ халқының бай мұрасымен танысып, салт-дәстүрдің мәнін терең ұғынды. Сонымен

Ең үлкен қазыбургер

Фестивальде ерекше тағамдар әзірленіп, аспазшылар аясында сайыс өтті. Бір айта кетері, салмағы 53 келіге жететін алып қазыбургер көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Бұл ерекше жобаны Балқаш нан зауыты мен «Бауырдақ» мейрамханасы бірлесіп әзірледі. Ұлттық тағам мен заманауи форматты үйлестірген бұл бургердің құрамына дәстүрлі қазы, арнайы пісірілген алып бургер наны, көкөністер және дәмдеуіштер қосылды. Келушілер бұл ерекше тағамның дәмін татып көруге мүмкіндік алды. Қонақтар дәмі мен көрінісіне жоғары баға беріп, әлеуметтік желілерде әсерлерімен бөлісті.

Ақпараттық тур және туристік әлеует

Фестиваль аясында туруператорлар, блогерлер, журналистер мен туризм саласының өкілдері қатысқан ақпараттық тур өтті. Олар Балқаш қалалық өлкетану мұражайына, «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешеніне, Бектауатаға барды. «Туризмдегі инновациялар» атты семинарда ішкі туризмді дамыту жолдары, цифрлық шешімдер мен кәсіпкерлікті қолдау тетіктері қаралды. «QazEl» брондау жүйесі таныстырылып, B2B форматында кездесулер өтті. Сонымен қатар, шараға қатысқан Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев жыл сайын

• РЕСМИ

Маусымдық жұмыс тәртібі

Елдері шетелдік жұмыскерлердің маусымдық жұмысына қатысты өзгерістер енгізілмек. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі нормативтік-құқықтық актілерге түзетулер әзірледі. Түзетулер шетелдік жұмыскерлердің маусымдық еңбек қызметін жүзеге асыратын кәсіптердің тізбесін кеңейту мен оларды тарту кезінде салық жинауды қайта қарау мәселелеріне қатысты.

Бұл түзетулер кәсіптердің кең спектріне маусымдық шетелдік жұмысшыларды тартуға, заңды тұлғаларда жұмыс істейтін еңбек иммигранттарын көлеңкелі сектордан шығаруға, көші-қон заңнамасындағы бұзушылықтарды азайтуға мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап, маусымдық шетелдік жұмысшылардың еңбек қызметін жүзеге асыруға арналған кәсіптер тізбесіне құрылыс саласындағы біліктілігі жоқ жұмысшылар – әртүрлі жұмысты атқаратын адамдар, абаттандыру секторындағы біліктілігі жоқ жұмысшылар, сондай-ақ, қызмет көрсету саласындағы

біліктілігі жоқ жұмысшыларды енгізу ұсынылды.

Бұл ретте министрлік маусымдық шетелдік жұмыс күшін тартатын жұмыс берушілер үшін салық ставкаларының мөлшерін айқындады. Мәселен, жұмыс берушілер күнтізбелік 90 күнге дейін 30 айлық есептік көрсеткіш, 180 күнтізбелік күнге дейін – 60, 270 күнтізбелік күнге дейін – 90 және 365 күнтізбелік күнге дейін – 120 айлық есептік көрсеткіш көлемінде төлеуі керек.

Айзада АСХАТҚЫЗЫ,
Қарағанды зерттеу университетінің
II курс студенті

Бейінге бағытталған жоба

Қазақстан мектептеріне оқушыларды кәсіптік бағдарлауға арналған жаңа цифрлық құрал енгізілуде. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-мен бірлесіп, оқушыларға кәсіптік бағдар берудің «Оқушының қызығушылықтары мен дағдыларының іксемді бейіні» (ОҚДИБ) цифрлық әдістемесін әзірледі.

Аяулым СОБЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған бастама болашақ кәсіпті ерте жастан саналы тандауды қалыптастыруға бағытталған және 7-9 сынып оқушыларына арналған. Бұл әдістеме оқушыларға қызығушылығын айқындауға, қабілетін анықтауға және одан әрі даму үшін оңтайлы бағытты таңдауға көмектеседі.

Әзірлеме қазақстандық мазмұнға бейімделген және еліміз бойынша 10 мыңнан астам оқушы қатысқан сынақтан өткен. – Бұл құрал университеттердің 400-ден астам бағдарламасы, колледждердің 200-ге жуық мамандығы мен жұмысшы кәсібін біріктіретін «Мансап компасы» цифрлық платформасына енгізілген.

Платформа оқушылардың, пе-

дагогтердің және ата-аналардың жеке кабинетіне қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, бір цифрлық кеңістікте жүйелі кәсіптік бағдарлауды қамтамасыз етеді. Тест нәтижелері автоматты түрде өңделеді. Оқушылар – жеке акыл-кеңес, педагогтер – заманауи сүйемелдеу құралдарын, ал, ата-аналар – баланың даму сараптамасы мен динамикасы туралы ақпарат алады, – дейді Ы.Алтынсарин академиясының президенті Нәзіпа Аюбаева.

Жоба жалпы білім беретін мектептерге заманауи, тұрақты және болашаққа бағдарланған кәсіптік бағдарлау жүйесін құруға жағдай жасап, әр балаға болашақ кәсіби жолын саналы таңдауға мүмкіндік береді.

ХАБАРЛАМА

2025 жылғы 25 маусым айында, үш сайлау округі бойынша, Шахтинск қаласы кенттері (Шахан, Долинка, Новодолинский) әкімдерін сайлауы өтті. Шахтинск қалалық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, Шахтинск қаласы кенттері әкімдерін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау қорытындыларын белгіледі:

Шахан сайлау округі

Шахан кенті әкімін сайлауы бойынша

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 5 364 азамат енгізілді, олардың ішінде 2 889-ы дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 13, «барлығына қарсы» деген жолда белгі қойылған – 12.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Ашкенов Б.Г. – 224; Сейлов А.К. – 183; Умирбеков Г.А. – 2 457.

Шахан кентінің әкімі болып Галым Алдыбаевич Умирбеков сайланды, 1981 жылы туған, Шахтинск қаласында тұрады, «AMANAT» партиясымен ұсынылған.

Долинка сайлау округі

Долинка кенті әкімін сайлауы бойынша

Сайлау округі бойынша, сайлаушылар тізіміне 3 626 азамат енгізілді, олардың ішінде 2 086-ы дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 8, «барлығына қарсы» деген жолда белгі қойылған – 14.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Аршкенов Р.С. – 179; Жунусов А.А. – 173; Тусупов А.С. – 1 712.

Долинка кентінің әкімі болып Арман Саткенович Тусупов сайланды, 1973 жылы туған, Долинка кентінде тұрады, «AMANAT» партиясымен ұсынылған.

Новодолинский сайлау округі

Новодолинский кенті әкімін сайлауы бойынша

Сайлау округі бойынша, сайлаушылар тізіміне 3 711 азамат енгізілді, олардың ішінде 2 050-і дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 11, «барлығына қарсы» деген жолда белгі қойылған – 8.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Иманбеков Г.А. – 205; Исатаев Е.С. – 1 648; Какарманов Ж.М. – 178.

Новодолинский кентінің әкімі болып Ерсин Сыздықович Исатаев сайланды, 1981 жылы туған, Қарағанды қаласында тұратын, «AMANAT» партиясымен ұсынылған.

Шахтинск қалалық сайлау комиссиясы

А



етуге және жас буынның елге деген қызығушылығын арттыруға қосар үлесін ерекше атап өтті.

– Мен Балқаш қаласына бірінші рет келіп отырмын. «Balkhash Tour Fest» сияқты жобалар – Қазақстанның ішкі туризмін дамытудың нақты мысалы. Бұл – жастарға туған жердің сұлулығын көрсету, туризм мәдениетін қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Осындай шаралар арқылы өңірлердің әлеуеті артып, ұлттық бірегейлік нығаяды, – деді Дәулет Мұқаев. Фестиваль тек демалыс ғана емес, өңірлік экономиканы көтеру, экотуризм мен инфрақұрылымды дамыту бағытындағы нақты іс-шаралардың біріне айналып отырғандығын Лондон Олимпиадасының чемпионы, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшы-

іске қосылғаннан бері алғашқы сатылымдар сәтті болған. Сонымен қатар, шара аясында фуд-корт және қолөнер жәрмеңкесі ұйымдастырылып, Балқаштың қолөнершілері өз бұйымдарын таныстырып, ерекше идеялармен бөлісті. Жастарға жол көрсеткен зейнеткер Вера Харкевич пен ұлы жасаған боялған киыршық тастан құралған Тіс-Тас ойыны жұртшылықтың назарын аударды.

Көл жағалауында өткен спорттық, мәдениет және балаларға арналған шығармашылық жұмыстар жұртты қызықтырды. Фестиваль аясында өткен жағажай волейболы, гир көтеру, армрестлинг секілді спорттық сайыстар қатысушылардың күш-жігері мен командалық рухын сынады. Әсіресе

қатар, кешкі уақытта ұйымдастырылған ашық аспан астындағы киносеанс пен музыкалық қойылымдар жағалаудағы кештің сәнін келтірді.

Көл жағасындағы көңілді кеш

Музыкалық бағдарлама фестивалдің шарықтау шегіне айналды. Сахна төрінде Назима, Қапау, «Киллимандалар» тобы, «Арай» тобы, Жанболат Ұзақбаев және «Тоқырауын толқындары» ансамблі өнер көрсетті. «Балқаш көлінің аңызы» атты су экранына негізделген мультимедиялық субұрқақ шоу – фестивалдің басты жаңалығы болды. Бұл су қойылымы музыканы, жарықты және анимацияны біріктіріп, ерекше көңіл күй сыйлады.

Ел мерейі тасыған күн

Екі күнге созылған туризм тойының соңы Балқаш аспанын түрлі-түсті отпашу жарықтандырып, көрермендерге ұмытылмас әсер қалдырды. Керемет отпашуды тамашалаған жұртшылық ұзақ уақыт қол соғып, ризашылықтарын білдірді. Ел-жұрт мерекелен ерекше көңіл күймен тарқасты. Фестиваль аяқталғаннан кейін қаланың тазалығы ұмыт қалмады. Қалалық «Горкомхоз» мекемесінің қызметкерлері мереке өткен аумақтарда кешіктірмей тазалық жұмыстарын жүргізіп, шашылған қоқысты жинап, қаланың келбетін қайта қалпына келтірді. «Balkhash Tour Fest» был да өзінің денгейін көрсетіп, тұрғындардың да, қонақтардың да көңілінен шықты. Ұйымдастырушылар келесі жылы фестиваль аясын кеңейтіп, одан да әсерлі бағдарлама ұсынуды жоспарлап отыр.

БАЛҚАШ

Суреттер облыс әкімдігінен



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

• ФУТБОЛ

Жолдамаға жақындай түсті

Қазақстан Бірінші лига ойындарының алғашқы 10 айналымы мәресіне жетті. Бұл кезеңде қарағандылық «Шахтер» клубы сырт алаңда түркістандық «Жетісаймен» кездесіп, 2:1 есебімен жеңіске жетті. Осылайша жерлестер турнирлік кестедегі өз орнын айшықтап алды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кеншілерге қателік жасауға болмайды. Яғни, ұпай жоғалтпауы керек. Өткендегі өскеменнің «Алтайымен» болған ойындағы қателіктерге бой алдырмау қажет. Сол ойынның бізге сабақ болғаны – жасырын емес.

Дегенмен, бұл ойын да оңайға соқпады. Қарсыластар турнир кестесінде бізден

әлдеқайда төмен тұрғанымен, әр ойында кемі бір гол салып жүрген команда. Ал, бір гол – қай команданың болса да, тағдырын шешіп кететіні бар.

Алғашқы минуттан-ақ жерлестер басымдықты қолға алған. Қос қапталдан кезек шабуыл ұйымдастырып, қақпашының осал тұсын аңдыды. Бірақ, қарсыластар біз ойлағандай емес, қорғанысқа мығым. Қақпаға бағытталған соққыларға тосқауыл қойып, допты кері қайтарып тастап отырды.

Ойынның 30-шы минутында жерлестер алаң ортасынан шабуыл бастады. Осы тұста шабуылшы Максим Галкин өзіне асырылған пасқа бірінші жетіп, есеп ашады. Қарсылас қорғаушылары әккі шабуылшыға тосқауыл қоймақ болған-тын. Үлгертепеді. Қақпаның оң жақ жоғарғы бұрышын дәл көздеп, допты қақпаға тоғыта салды.

Бұдан кейін алаң иелерінің ойыны өзгерді. Допқа иелік етіп, басымдыққа ие болды. Шабуыл ұйымдастырып, барынша

допты өздерінде ұстады. Сондай бір шабуыл барысында «Шахтер» қорғаушысы Уәлихан Мұхаметжанов өз айып алаңында ереже бұзып, алаң иелеріне пенальти тебуге мүмкіндік береді. Ал, пенальтиді Бекнұр Рысқұл орындап, 39-шы минутта таразы басын қайта теңестірді. Есеп – 1:1. Ойын қайта басынан басталды.

Сөз басында айтқанымыздай, түркістандық клуб – осал емес. Әр ойында бір гол салмай тарқаспайды. 40-шы минутқа дейін жеңіске бір табан жақын тұрған жерлестердің көңілін су сепкендей басты. Ойын жүйесін өзгертіп жіберді. Осындай өзгерістен кейін «Шахтер» бапкері Андрей Фионченко екінші таймда команда ойыншыларын алмастыра бастады. Жартылай қорғаушы Юрий Перцухтың орнына жас ойыншы Марк Холодты алаңға шығарды. Әрі қос шабуылшы Максим Комиков пен Сұлтан Шымырханды алып тастап, алаңға Айдос Таттыбаев пен Арман Нүсіпті ойынға шығарды. Осылайша, ойыншыларды қосып, қарсылас команданың жүйесіне қарсы ойнады.

Бірақ, бас бапкердің үкілеп екінші тайда ойынға қосқан ойыншылары үмітті ақтады. 67-ші минутта жерлестер тағы бір мәрте шабуыл ұйымдастырды. Оң қапталдан әуелете көтерілген допқа алаңға жаңадан қосылған Арман Нүсіп бірінші жетіп, жеңіс голын сыйлады. Осылайша, жерлестер бір гол айырмашылығымен алаң иелерін жеңіп, турнирлік кестеде II орынға жайғасты. Қазіргі уақытта кеншілерде 10 ойынның қорытындысы бойынша 23 ұпай. III орында – павлодарлық «Ертіс» клубы. Олардың еншісінде 21 ұпай. Ал, 27 ұпаймен ақтаулық «Каспий» клубы – көш басында.

Сурет клубтың баспасөз қызметінен

• ШАХМАТ

Қолаға қол созды

Халықаралық аренада Қазақстанның атын асқақтатып жүрген жас дарындар қатары тағы бір жетістікпен толықты. Лондонда өткен шахматтан рапид және блиц түрінен командалық әлем чемпионатында қарағандылық 15 жастағы Даниял Сапенов қола жүлдеге ие болды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ұлыбритания астанасында өткен белді додада Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте II орын иеленді. Одан бөлек, жекелей 10 медаль жеңіп алды. Ал, оның екеуі – алтын.

Біз нағыз мықты және біртұтас команданы кіл мықтылардан жинадық. Яғни, бүкіл турнирді абыроймен өткізіп, соңына дейін күрескен тәжірибелі ойыншылардың басын қостық. Осы турнирде әлемнің ең мықты командаларымен тең дәрежеде бәсекеге түсуі – шахматшылардың мықтылығын аңғартады. Ойыншыларымыздың жасы мен амбициясын ескере отырып, біз әлі де үлкен үміт күтеміз, – деді Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Турлов.

Турнир барысында Даниял Сапенов өзінің ойын мәдениетімен, сабырлы тактикасымен ерекшеленді. Жасөспірім бірнеше тәжірибелі қарсыласты жеңіп, табандылықтың үлгісін көрсетті. Ал, осы санатта алтын медальді әйгілі гроссмейстер, әлемдік шахмат элитасының мүшесі Алиреза Фиружа еншіледі.

Айта кетейік, Қарағанды облысы – спорт пен ғылымда талай мықтыны тәрбиелеген аймақ. Енді сол қатарды Даниял Сапенов жалғастырып отыр. Ол шахмат сүйер қауымға таныла бастады. Тек жергілікті деңгейде емес, халықаралық аренада да өзін дәлелдеп келе жатқан дарын иесіне қолдау білдіріп, кәсіби тұрғыда дамуына жағдай жасау – ортақ міндеті.

Өз тілшімізден Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жас дарындар топ жарды

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының жетінші және сегізінші сынып оқушылары Алматыда өткен республикалық IQanat олимпиадасында жоғары нәтижеге қол жеткізді. Облыс атынан өнер көрсеткен ауыл оқушыларының арасынан 30-ы соңғы кезеңге дейін барған. Ал, олардың ішіндегі бес оқушыға IQanat High School of Burabay мектебіне грант берілді. Тағы екеуіне қамқоршылық грант табысталды.

Аталған байқауға елдің түпкір-түпкірінен 50 мыңнан астам оқушы қатысқан. Ал, Қарағанды облысынан 30 ауыл оқушысы аттанған еді. Жерлестеріміз үш кезеңнен тұратын байқаудың үшеуінен де мүдірмей өтіп, жоғарғы көрсеткіш көрсетті.

Мектеп-пансионатта білім алуға грант алғандардың қатарында Әмина Төлеутаева мен Бекасыл Талғат (Шет ауданы), Дәулет Әмірхан (Нұра ауданы), Арсений Тюнон (Абай ауданы), Асылан Бәшір (Бұқар жырау ауданы) бар. Ал, қамқоршылық гранттары Мейрамгүл Байболатқызы (Шет ауданы) мен Ғазиз Саментайға (Қарқаралы ауданы) табысталды. – Грант алғанымды алғаш естіген-

де сенбедім. Сынақтар оңай болған жоқ. Бірақ, бұл жеңіс маған өз мақсатыма қарай сенімді жылжу үшін жаңа мүмкіндік берді, – деді нұралық Дәулет Әмірхан.

Жеңімпаздардан бөлек, тағы жеті оқушы IQ Advanced жобасына қатысу сертификатын иеленді. Олар өз мектептерінде білім алып жүріп, IQanat мектебінің арнайы оқу сессияларына қатыса алады. Ал, финалға өткен барлық оқушыға үш жылдық IQ-IP бағдарламасы ұсынылмақ. Бұл бағдарлама – кәсіптік бағдарға, тілдік және IT курстарын меңгеруге тегін қатысу мүмкіндік. Одан бөлек, Бұрабайда өтетін оқу сессияларына да тегін қатысады. – IQanat мектебі – ауыл оқушылары

үшін өмірді өзгертер жаңа есік. Жоба іске қосылғалы бері Қарағанды облысынан 28 оқушы IQanat High School of Burabay мектебіне түсті. Біздің түлектер бүгінде Назарбаев университеті, SDU, ЕҰУ, Қазақстан-Британ техникалық университеті және шетелдегі жетекші оқу орындарында білім алып жатыр, – деді IQanat қорының Қарағанды облысы бойынша үйлестірушісі Айман Мақажанова.

Бұл жеңіс – ауылдағы талантты жастар үшін ашылған мүмкіндіктер алаңы. Ал, жерлестердің бұл жеңісі жүйелі еңбек пен болашаққа деген үміттің нәтижесі.

• ХОККЕЙ


Шабуылшылар құрамда қалды

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубының 2025-2026 жылғы маусымға дайындығы қызу жүріп жатыр. Команданың қазіргі жағдайына қарасақ, клуб басшылығы биыл да жанкүйер сенімінің шығуға бекем бел бұған. Жаңа ойыншыларды қатарға қосып қана қоймай, негізгі құрамдағы тәжірибелі хоккейшілермен келісімшартты ұзартуда.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Соңғы мәліметтерге сүйенсек, команданың негізгі шабуылшыларының бірі Кирилл Пономарев қарағандылық клубта тағы бір жыл қалатын болды. Екі маусым қатарынан «Сарыарқа» сапында өнер көрсеткен ойыншы өткен маусымда 38 кездесуге қатысып, 3 шайба мен 3 нәтижелі пас тіркеген. Сондай-ақ, команда құрамында қалатын Владислав Сайко да екі маусым бойы тұрақты ойынымен көзге түсіп келеді. Былтырғы маусымда 35 матч өткізсе, 3 гол және 1 нәтижелі пас берген.

Клубтың тағы бір сенімді шабуылшы-



сы – Руслан Демин. Ол соңғы үш маусымда команда құрамында өнер көрсеткен. Жыл сайын аталған клуб сапында 45-тен көп ойын өткізген. Өткен маусымның өзінде

5 шайба соғып, 16 нәтижелі пас беріпті. Жанкүйерлер арасында танымал шабуылшы алдағы маусымда да команда шабуылына серпін береді деген сенім бар.

Өткен маусымда 7 шайба мен 13 нәтижелі пас берген Никита Баженов, 11 гол және 11 паспен ерекшеленген Евгений Королинский де «Сарыарқада» тағы бір

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 4 729 №67 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР
